



БРАЗИЛИЯ



Бразилия, Бразилия Федеративтік Республикасы (порт. *Brasil, República Federativa do Brasil*) — Оңтүстік Америка құрлығының шығыс және орталық бөліктерін алып жатқан мемлекет. Жері – 8,5 млн. км². Халқы 189 млн. адам (2007). Халқының этникалық құрамы: ақ нәсілдер – 54,7%, зәңгілер – 5,89%, мулаттар – 38,45%. Бұған қоса 3 млн-нан астам иммигранттар (жапон, италиялық, неміс, араб, француз, т.б.) тұрады. Астанасы – Бразилиа. Мемлекеттік тілі – португал тілі. Халқының көпшілігі христиан дінін ұстанады. Ұлттық мейрамы – жетінші қыркүйектегі Тәуелсіздік күні.

Дәстүр бойынша, Бразилияда ешкім ешқашан уақытында келмейді. Бұл жағынан қазақтарға ұқсас екен. Мәселен, қонақтарды сағат беске шақырған болсаңыз, 7-8-ге күтсеңіз болады. Бұл әдет тек қонақтарға қатысты емес, Бразилияда сериалдар мен жаңалықтар 15 минут кешігіп басталады.

Бразилиялықтар қолма-қол ақшаны пайдаланбайды, есепті кредиттік карталармен төлейді. Нақты ақшамен төлеймін десеңіз, өте абай болуыңыз керек.



Рио-де-Жанейро

Рио-де-Жанейро (порт. *Rio de Janeiro* — қаңтардағы өзен)
— Бразилиядағы қала. Рио-де-Жанейро штатының
әкімшілік орталығы, 1764 - 1960 жылдары аралығында
Бразилияның астанасы. Халқы — 4,781 миллион адам,
тұрғындары санынан Бразилиядағы Сан-Паулудан кейін
екінші қала (Америкадағы 6-шы, әлемдегі 26-шы). Қаланың
лақап атауы — «*Ғажайып қала*» (порт. *Cidade Maravilhosa*).
Рио-де-Жанейро ЖІӨ бойынша Бразилиядағы екінші қала
(2008 жылы бойынша әлемдегі 30-шы), шамамен \$201
миллиард АҚШ долларға бағаланған.



Жергілікті тұрғындар қаланы Ескі қала, Жаңа қала және қала түбіндегі елді мекендер деп бөледі. Ескі қалада кеден, доктар, арсенал, биржа, Ұлттық көркемөнер академиясы, қалалық ратуша және мәдени ғимараттар, барлық театрлар және түгелге жуық мұражайлар орналасқан. Жаңа қала теңге сарайымен, түрмемен, басты вокзалымен және мүгедектер үйімен танымал. Ипанема және Копакабана жағажайлары, Фламенго саябағы, Корковаду тауындағы Құтқарушы Христостың алып мүсіні, *Pão de Açúcar* тауы, Маракана стадионы (порт. Maracanã) — әлемдегі ең ірі футбол стадиондарының бірі (200 мың адам).

Қаланың ең танымал және келушілер саны бойынша, сәулет ескерткіштеріне колониалдық шіркеулер, Сан-Бенто монастыры, Сан-Антонио және капуциндер ордені монастырлері және Кинта-да-Боа-Виста бұрынғы императорлық резиденциясы. Аңыз бойынша, Әулие Құдай ана келген Лампедоса Құдай анасының шіркеуі Жерорта теңізінде орналасқан Лампедос аралының атымен аталған. Оны 1929 жылы XVIII ғасырдың ескірген ғимараттың орнына мексикалық сәулет мектебі ықпалымен неоклассикалық стилінде салынған. Әулие Лусия шіркеуінің негізгі назар аударарлық орны, 1732 жылы салынған — табиғи бұрқақ.



Құтқарушы Иса Мәсіх мүсіні ([порт.](#) Cristo Redentor) [Рио-де-Жанейро](#) қаласындағы Корковаду тауында орналасқан [Иса Мәсіхтің](#) танымал мүсіні. Мүсінінің өлшемдері: биіктігі — 38 метр, сонымен қатар іргетасы — 8 м; салмағы — 1145 тонн; қолдардың құлашы — 30 метр. ^[1]


Стеаниттен (сабын тастан) және бетоннан құйылған. 1921 жылы Бразилияның тәуелсіздігінің жүз жылдығына арнап, инженер Эктор Силва да Коста жасаған.

Мүсіннің тас табаны - ішіне 150-дей адам сыятын шіркеу, оған жету үшін төбенің басына дейін трамвай желісімен, кейін 220 басқышты баспалдақпен көтерілу қажет.



Қаласының көшелері мен жағалауларында қалың өскен тропикалық өсімдіктердің көптігіне қарамастан, Рио-де-Жанейрода ботаникалық бақ және көптеген саябақтар бар. Ең үздік ботаникалық бақтардың қатарына, шамамен, 1808 жылы құрылған, 7000 өсімдіктердің түрі жиналған бақ та кіреді. Корковаду орналасқан Тижука ұлттық паркі, әлемдегі ең ірі қалалық орман болып табылады. Онда маймылдар мен экзотикалық құстарды кездестіруге болады.





Тағам туралы айтар болсақ, аса ерекшеліктер байқалмайды. Қуырылған сиыр еті мен салаттар күніне екі рет желінеді. Тәттілері бізбен салыстырғанда, екі есе тәттірек келеді.



2016 жылғы Олимпиадалық ойындар өткізу үшін Рио де Жанейро қаласы таңдалды.

Халықаралық Олимпиада комитеті 4 қаланың ішінен Бразилия астанасы жеңіске жеткенін жариялады.

Копенгагендегі бәсекеге Чикаго, Токио, Мадрид және Рио де Жанейро түскен еді.

Комитет мәжілісіне, өз үміткерлерін қолдау үшін АҚШ президенті Барак Обама, Жапония премьер-министрі Юкио Хатояма, Испания королі Хуан Карлос және Бразилия президенті Луис Инасио Лула да Силва қатысқан.





*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*